



18/1-70 16.10.2025



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Сейтжанова Ж.С.
2025 ж.

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ҚОСЫМША КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ
ОРТАЛЫҒЫ КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

Е 505-2025

Күні	Көшірме	Басылым
		Бірінші

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская		
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 505- 2025 1-ші басылым 10 беттің 2 беті
Орталық кеңесінің ережесі		

**«ОҚМА» АҚ Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы
ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ**

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ

Тексеру мерзімділігі 3 жыл.

ОҢТҮСТІК-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 505-2025
Орталық кеңесінің ережесі		1-ші басылым 10 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	5
3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.	6
4. МІНДЕТТЕРІ.....	7
5. ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ.....	8
6. ҚҰҚЫҚТАРЫ.....	8
7. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	8

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 505- 2025
Орталық кеңесінің ережесі		1-ші басылым 10 беттің 4 беті

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып, әзірленген:

- ҚР-ның 2020ж 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі»;

- «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығы;

- «Денсаулық саласындағы мамандарды аттестациялауға жататын мамандықтар мен мамандықтардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығы;

- «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде медициналық білім алған адамды денсаулық

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 505-2025
Орталық кеңесінің ережесі		1-ші басылым 10 беттің 5 беті

сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығы;

- ҚР Заңы. Сыбайластық жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 ж., 18 қарашадағы бек., № 410-V өзгерістермен және толықтырулармен;

- ҚР Еңбек кодексі 2015 ж., 23 қарашада бек., №414-V ҚРЗ;

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 27.07.2007 ж. № 319 (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, 27.12.2019 ж. № 293-VI (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен),

- «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрінің 2024 жылғы 05 қаңтардағы №4 бұйрығы (кейінгі өзгерістер мен толықтырулармен);

- Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығы.

- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер;

- ҚР СТ ISO9001-2015. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;

- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;

- СТ 011-2024. Персоналды басқару;

- СТ 012-2025. Әкімшілік-басқару персоналының, профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

- СТ 023-2024. "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары.

-

2. ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы құжатта келесідей терминдер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар қолданылды:

- ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі;

- «ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» Акционерлік қоғамы;

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 505- 2025
Орталық кеңесінің ережесі		1-ші басылым 10 беттің 6 беті

- ҚжҚКББО – құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы;
- ПОҚ – Профессор - оқытушылар құрамы;
- СТ- стандарт.

3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. «Оңтүстік Қазақстан медицинасы» АҚ-да (бұдан әрі – «ОҚМА» АҚ) Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталық (бұдан әрі – «ҚжҚКББО») Орталық кеңесі ректордың бұйрығы негізінде құрылады. Орталық кеңесі алқалы орган болып табылады. Орталық кеңесі өзінің қарауына жататын мәселелерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешеді

3.2. Орталық кеңесті қалыптастыру тәртібі.

- Орталық кеңестің құрамына лауазымы бойынша «ОҚМА» АҚ клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор және кафедра меңгерушілері кіреді.
- Орталық кеңестің төрайымы болып ҚжҚКББО-ның басшысы тағайындалады. Орталық кеңестің отырысында төрайым орталық кеңесінің құрамын хабарлайды.
- Төрайым болмаған жағдайда ҚжҚКББО-ның басшы орынбасары оның міндеттерін атқарады.

3.3. Орталық кеңесі келесі мүмкіндіктермен ынталандырылады:

- «ОҚМА» АҚ ПОҚ және Денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсаттарын анықтау және біліктілігін арттыру процестерін жетілдіру процесіне персоналды тарту;
- ақпарат пен тәжірибенің қарқынды алмасу;
- «ОҚМА» АҚ ішіндегі іскерлік қарым-қатынастарды жақсарту;
- Орталық кеңесіне қатысушылардың ішкі резервтерін, шығармашылығын, тәжірибесі мен білімін іске асыру;
- шешім қабылдау өкілеттіктерін беру;
- Орталық бойынша кеңес мүшелерінің «ОҚМА» АҚ ҚжҚКББО процестерін дамытуға қосқан үлесін мойындау;
- «ОҚМА» АҚ қызметкерлері арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастар саласындағы өндірістік ортаны жақсарту.

3.4. Орталық кеңесі өз қызметін сыртқы кеңесшілермен тиісті келісімдер жасау кезінде олармен бірлесіп жүзеге асырады.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 505- 2025
Орталық кеңесінің ережесі		1-ші басылым 10 беттің 7 беті

3.5. Орталық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру тәртібі

- Төрайым Орталық кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және қызметін ҚР заңнамасына және осы қағыдаларға сәйкес қамтамасыз етеді.
- Орталық кеңес өз жұмысын бір жылға бекітілген жұмыс жоспары негізінде ұйымдастырады.
- Орталық кеңестің отырыстары бір жылға бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес айына кемінде 1 рет өткізіледі.
- Орталық кеңестінің отырысы, егер оған мүшелерінің жартысы қатысса заңды болып табылады. Отырысқа дәлелді себептермен қатысулдың мүмкін еместігі туралы төрайымды алдын ала хабардар етуі тиіс.
- Орталық кеңес мүшелеріне кезектілік тәртіппен сөз сөйлеу үшін сөз береді.
- Процедуралық мәселелер бойынша кезектен тыс орталық кеңестер жүргізіледі.
- Орталық кеңес мүшелерінің ұсыныстарын дауысқа салады.
- Дауыс беруді ашық өткізеді және нәтижелерін жария етеді.
- Отырыстар хаттамаларының жүргізілуін бақылайды және оларға қол қояды.

3.5. Егер отырысқа қатысып отырған орталық кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, орталық кеңес шешімдері қабылданды деп есептеледі.

3.6. Орталық кеңестің шешімдері хаттамамен рәсімделеді, оған төрайым мен хатшы қол қояды.

3.7. Орталық кеңестің шешімдерін орындау «ОҚМА» АҚ барлық құрылымдық бөлімдері үшін міндетті болып табылады.

4. МІНДЕТТЕРІ

4.1. Денсаулық сақтау саласындағы қызметкерлердің және ПОҚ біліктілігін жетілдіру процестерін әзірлеу және жетілдіру бойынша жұмысты жоспарлау.

4.2. Орталық жүйесінің процестеріне жан-жақты зерттеуді жүргізу.

4.3. Орталық жұмыс істеуі үшін қажетті тиісті құжаттаманың процестері мен көлемін анықтау (сәйкестендіру).

4.4. ҚжҚКББО процестерін жоспарлау, бақылау және құжаттау.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 505- 2025
Орталық кеңесінің ережесі		1-ші басылым 10 беттің 8 беті

4.5. Туындаған мәселелерді талдау және проблемалардың себептерін жою жолдарын алқалы түрде әзірлеу, жақсарту мүмкіндіктерін іздеу мақсатында Орталық кеңесінің отырыстарын өткізу.

4.6. «ОҚМА» АҚ лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту.

4.7. ҚжҚКББО құжаттамасын талқылауды және бекітуді ұйымдастыру.

5. ОРТАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

5.1. ҚжҚКББО бойынша кеңестің қызметі отырыстарда қабылданған шешімдерді хаттамалайды және кейіннен тұрақты отырыста пайдалану үшін жазылады.

5.2. Отырысқа шақырылған Орталық бойынша кеңес құрамының кемінде 2/3 бөлігі Орталық кеңесінің отырыстарына қатысады.

5.3. Орталық кеңесінің отырыстарын ҚжҚКББО келесі жолдармен ұйымдастырады:

- Орталық бойынша кеңес отырыстарын өткізу мақсаттарын анықтау, келісу және бекіту;
- Орталық бойынша кеңес отырыстарының кестесін (қажет болған жағдайда) бекіту;

5.4. Орталық кеңестің отырыстары келесі міндеттерді шешу үшін өткізіледі:

1. ҚжҚКББ орталығының қызметін дамыту және жетілдіру бойынша жылдық іс-шаралар жоспарын қалыптастыру, талқылау және бекіту, сондай-ақ оның орындалуын бақылау және қажет болған жағдайда түзету.
2. «ОҚМА» АҚ қызметіндегі проблемаларды анықтау (айқындау);
3. мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу;
4. өз құзыреті шегінде және басқа қатысушылардың көмегімен бұрын қабылданған немесе жоспарланған жақсарту шараларының нәтижелерін талдау.

6. ҚҰҚЫҚТАРЫ

Сапа бойынша кеңес жетекшісімен келесі құқықтарға ие:

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		E 505- 2025
Орталық кеңесінің ережесі		1-ші басылым 10 беттің 9 беті

- ҚжҚКББО қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар енгізуге;
- ҚжҚКББО құрамындағы кафедраларға, ҚжҚКББО жұмыс істеуі бойынша ауызша және жазбаша нұсқаулар беруге.

7. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Орталық кеңестің жұмысы үшін Кеңестің төрайымы жауапты болады.

Орталық кеңестің төрайымы Орталық кеңестің жұмысы туралы ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына, ал кафедралар жұмысы туралы ақпараттың дұрыстығына кафедра меңгерушілері жауапты болады.

Хатшы орталық кеңес отырыстарының хаттамаларын жүргізуге жауапты болып табылады.

- ҚжҚКББО бойынша бекітілген жоспарларға сәйкес жұмыстарды сапалы және уақтылы орындауға;
- ҚжҚКББО дұрыс жұмыс істеуіне;
- ҚжҚКББО қолдау және жетілдіру мәселелері бойынша орталық кеңесі қабылдаған шешімдерді қолдауға және жақсартуға.

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская
Құзыреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығы		Е 505- 2025
Орталық кеңесінің ережесі		1-ші басылым 10 беттің 10 беті

Әзірлеген:

Лауазымы	Аты-жөні
Құзіреттілік және қосымша кәсіби білім беру орталығының басшысы	Кенесова К.Ж.

Тексерген:

Лауазымы	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А

Келісілген:

Лауазымы	Аты-жөні
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Аукенов Н.Е.

Шымкент